

Communicative dialectology often uses the technique non-differential description of the language of dialect carriers, which allows the most fully reflect the originality of a separate YL. Studies of recent decades are associated with the study of speech portraits of dialect carriers, idiolexicon, grammatical classes of dialect YL, syntactic features of idiolect, genre specifics dialect speech, linguistic creative activity and the conceptual sphere of the bearer of the dialect, as well as the metalanguage consciousness of the dialect YL (T. S. Kogotkova, T. A. Demeshkina, E. V. Ivantsova, L. N. Gyngazova, O. A. Kazakova, E. A. Didenko, S. V. Guziy, E. A. Krapivets, I. I. Vyatkina, I. I. Rusinova, etc.).

E. V. Ivantsova is convinced that the new stage development of the problem "language and personality" should be associated with:

- a) with study, along with collective, real YL, including those living today;
- b) the study of different types of YL, primarily ordinary native speakers;
- c) relying on an extensive base of primary

sources - texts obtained as a result of long-term observation of speech real informants (and not the discourse of heroes works of art as models YaL), with the involvement of special collection methods material;

- d) a systematic approach to the analysis of the data obtained (non-differential principle in the collection and description of linguistic facts; sequential study of all tiers of the language personality; a comprehensive multidimensional study of each of these tiers, as well as analysis of the implementation of YaL in a complete text; combination of objective observation of speech informant with an appeal to the manifestations of his metalanguage consciousness) [4, p. 21].

Thus, the history of the study of YL in linguistics discovers a long history studying. In European linguistics, the problem of YL arose in connection with the statement such global issues as social the nature of language, the ratio of language and speech, the language of the individual and the collective (V. Humboldt, F. de Saussure, E. Sapir). An important contribution to her the development was introduced by prominent Russians linguists I. A. Baudouin de Courtenay, A. M. Peshkovsky, V. V. Vinogradov, R.A. Budagov and others. In the 70-90s. XX century in integration with sociolinguistics, psycholinguistics, linguodidactics, linguistics text, pragmatics and, at the same time, in isolation from related disciplines, a linguistic personology is formed with a new object of study (YL).

Study of a separate dialect YL necessary to identify processes common for the entire dialect, and features specific to the speech of a particular dialect carrier. The appeal to dialect YL promotes multidimensional study of the dialect system, consideration of the extent to which manifest in the language of a specific YL features dialect and common language, how does a person's personality affect the dialect system, how the folk picture of the world is revealed in the idiolect.

References

1. Alpatov V. M. History of linguistic teachings: textbook. Allowance. – M.: Russian culture, 1999.
2. Benveniste E. General linguistics. – M.: Progress, 1974.
3. Grishaeva L. I. Picture of the world as a problem Humanities // Picture of the world and ways of its representation in language. – Voronezh: Voronezh State University, 2003.
4. Ivantsova EV Phenomenon of dialect language personality. – Tomsk: Tomsk state un-t, 2002.
5. Karaulov Yu.N. Russian language and language personality. – M.: URSS, 2002.

Хамзина Г.С., ф.ғ.к., доцент, **Қайрат М.**, студент
М.Қозыбаев атындағы СҚУ, Петропавл қ.
gulzada_76@mail.ru

М.ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРУ, ЕСТУ ТЕҢЕУЛЕРІНІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Сезім мүшелерінің ең басты, ең пәрменділерінің бірі – көз. Адам көз арқылы дүниедегі заттар мен құбылыстарды көріп, олардың түр-түрпатын, сан қилы формаларын, түсін, олардың бір-бірімен ара қатынасын, орналасу тәртібін, қозғалыс-қимылын т.б. болып жатқан белгілерін біліп таниды. Соның нәтижесінде адам санасында белгілі бір ұғымдар қалыптасады. Осылайша көзге көрініп, өздерінің әрқилы түр-түсімен танылған заттар мен құбылыстар образ болып қызмет атқарып, көру

теңеулерінің жүйесін құрайды. Көру теңеулерінде бір-біріне теңелетін заттар мен құбылыстардың сыртқы ұқсастықтарына баса назар аударылады. Әрине сыртқы ұқсастық әрқилы болуы мүмкін. Ол – салыстырмаш заттар мен құбылыстардың формаларының, кескін-кейіптерінің, түр-түстерінің, қозғалыс-қимылдарының, кеңістікте орналасу тәртібінің ұқсастығы. Осындай ұқсастықтардың негізінде көру теңеулері жасалады да, олар шындық өмірдің бейнелі суретін көз алдымызға елестетеді. Көру теңеулерін [1], *предметті-суретті* (предметно-изобразительные) теңеулер деп атайды [1, 17], бұл терминінің де жаны бар. Өйткені көру теңеулері шын мәнінде дүниедегі заттар мен құбылыстардың ұқсас белгілерін негізге ала отырып, олардың ұқсастығының конкретті суретін жасайды. Қазақ жазба әдебиетінде Мағжан шырмаларынан да көру теңеулерін байқауға болады. Мысалы:

Алтын Күнді, кара жерді сағындым,
Жан жолдасым-жүйрік желді сағындым.
Асау тайдай еркелетіп өсірген
Ағайынды, туған елді сағындым.
(«Сағындым», 80-б.)

Жол *жыландай* иіріледі,
Шаң ерініп үйіріледі.
(«Жазғы жолда», 84-б.)

Алдамшы өмір ылғи ғана у береді,
Өмір шіркін *шамдай* ақырын сөнеді.
(«Алдамшы өмір», 87-б.)

Ай қалқыды, сәуле аспаннан сорғалады,
Ағаштар *ерке арудай* ырғалады,
Арудың аққу мойны бұрылғанда,
Жұлдыздай жарқ-жұрқ етіп сырғалады.
(«Тұранның бір бауырында», 96-б.)

Сауықшыл есіл елім-ай!
Сарыарқа сайран жерім-ай!
Күмістей таза суы бар
Айдын шалқар көлім-ай!
(«Жаралы жан», 100-б.)

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қайратты –
Мен жастарға сенемін!
(«Мен жастарға сенемін!», 27-б.)

Керсендей үлкен аяқпен,
Ұстата саумал береді.
(«Өткен күн», 29-б.)

Көп жылдар *желдей* заулап есті ме екен,
Алатау өсті ме екен, өшті ме екен?!
Қияның *қыранындай* қайсар елдің
Басынан күңгірт күндер көшті ме екен?!
(«Алатау», 37-б.)

Тұранның тарихы бар отты *желдей*,
Заулаған қалың *өрттей* аспанға өрлей.
Тұранның жері менен суы да жат,
Теңіздей терең, ауыр ой бергендей.
(«Түркістан», 38-б.)

Сондай сұлу сәулетай,
Бір қарашы. Аңсадым.
Суда *ойнаған шабақтай*
Сүйреңдейді саусағың.
(«Батқан күн, Атқан таңның жыры», 54-б.)

Бүктеліп жатқан бел
Сүтке тойған *марқадай*.

Бұйра қою карағай
Белге біткен шалқалай.
Су жеп қойған жұмыр тас
Түйір-түйір *малтадай*.
Арнада өзен қылықты
Қылмындаған *қалқадай*.

(«Еділде», 58-б.)

Жаның сүйген жар *нажағадай жарқ етіп* дүние салса, жанға жеңіл болар ма? («Ақан Сері, 150- б.). 323 аттың алдында Құлагер *жұлдыздай ағып* келе жатқанда, анау Сайдалы асында ішіне қан қатқан Барақбай көлденең соқтырып өлтіреді («Ақан сері», 151- б). Енді қалған өмірінді жапырағынан айырылған *қайыңдай жап-жалаңаш* болып озғаны ма? («Шолпанның күнәсі» 181-б.). *Өлген адамдай* сұлық жатыр («Шолпанның күнәсі», 189-б.)

Асау тайдай, өлген адамдай, қайыңдай жап-жалаңаш, жұлдыздай ағып, нажағадай жарқ, күмістей таза, жұлдыздай жарқ-жұрқ, ерке арудай, шамдай ақырын сөнеді, жыландай иіріледі – бұл теңеулер, бір жағынан, өмірдегі шындыққа негізделсе, екінші жағынан, бейнелі ой, әсерлі сезімге негізделді.

Бұл мысалдар арқылы Мағжан шығармаларында көру теңеулері мейлінше мол болғанын дәлелдейді. Бұл теңеулер образдарының мағыналары барынша көмескіленген. Солай бола тұра, бұл сөздердің алғашында анық, айқын мағыналы зат атаулары болғанына ешбір күмән келтіруге болмайды. Жалпы аталмыш теңеулер ауызекі тілде де жиі қолданылады. Ал бұлардың қазіргі көркем әдебиетте қолданылуы – өз алдына бір мәселе.

Көру теңеулерінің негізге алатыны – заттардың үш түрлі белгісі. Біріншісі – заттардың тұлғатүрпаты, формасы; екіншісі – олардың қимыл-әрекеті; үшіншісі – заттардың түр-түсі, бояуы. Бұл аталмыш нәрселердің (белгілердің) қай-қайсысы болмасын көзге көрінетін, көз арқылы қабылданатын болғандықтан, көру теңеулерінің жасалуына ұйытқы болады да, суреттелміш затты жаңа қырынан, көркемдік-бейнелік қырынан танытады. Соның нәтижесінде, [1], *предметті-суретті немесе әшекейлі-кестелі теңеулер* дүниеге келді. Шынында да сұлулық, әдемілік, әсемдік немесе керісінше, сұмпайлық, жиіркенішті, құбыжық деген нәрселерді көзбен көрмей, түсіну де, біліп тану да мүмкін емес екені белгілі ғой. Ал көру теңеулері арқылы тану – бұл жай ғана тану емес, сонымен қатар көркем тану.

Көру теңеулеріне негіз болған екінші белгі заттардың қимыл-әрекеті дедік. Мәселен, Мағжан шығармаларындағы мына бір жолдарға тоқталайық:

Келсе сол күн, мен күн болып күлер ем,
Келсе сол күн, *жүйрік желдей* жүрер ем...
Келсе сол күн, о, дариға, жұртыма
Судай сұлу жырлар жырлап берер ем
(«Еңбек – өлім жан қанатын жаятын», 58-б.).

Қайғылы Ай, тұрсың көкте түсің қашып,
Қайғылы жер жүзіне нұрың шашып.
Жылжисың ақырын ғана *қорыққандай*,
Жүргендей жол таба алмай бейне адасып
(«Айға», 69-б.).

Мезгілше, мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан, өзі оятар, қатты шақсын.
Жаңадан *жолбарыстай* ұмтылармыз,
Көрелік төңіректі, тек таң атсын!

(«Есімде ... тек таң атсын!», 21-б.)

Бұл теңеулері осы белгілерінің көмегімен туған. Мұнда образдың қимыл-әрекеті предметтің қимыл-әрекетімен салыстырылып, жалпы теңеу динамикалық сипатқа ие болады да, суреттелміш қимыл-әрекеттің *әшекейлі-кестелі суреті жасалады*. Кейіпкердіңде, айдың да әншейін-ақ қимылдары эмоциялары бояумен көмкеріліп, экспрессивті әсермен суырылады да, бейнелене, көріктене түседі. Бұл тектес теңеулерді [2, 136], *функциональді теңеулер* деп атайды. Біздіңше, бұлар көру теңеулері болып табылады. Өйткені бұлар – қайдағы бір абстракт, дерексіз қозғалыстар. Теңеудің образдары да, предметтері де – деректі, конкретті нәрселер. Сол қимылына ұқсатылып, соның нәтижесінде предметтің қимылы да конкреттілік сипатқа ие болған. Демек, көру теңеулеріне негіз болатын нәрсе де – конкреттілік сипат. Яғни, бұл қимылдар – көзбен көруге болатын қимылдар.

Көру теңеулерінің жасалуына себеп болатын үшінші белгі – заттардың түр-түсі, бояуы. «Қап-қара қорғасындай бұлтты басқан» («Алатау», 35-б.) тектес теңеулерінің жасалуына атсалысып тұрған нәрсе (белгі) – заттардың түр-түсі, бояуы. Бірақ мәселе заттардың ақ, қызыл, қара екенін жай хабарлап қою ғана емес, сонымен қатар сол бояулардың түсін айқындау ашу, сол арқылы предметтің шырайын, реңін көріктендіру. Міне, осы көркемдік мақсат орындалу үшін предметтің бояулары образдардың бояуларына ұқсатылады да, предмет реңдене, өрлене түседі. Осылайша аталмыш теңеулік образдар әшекейлі-кестелі суретке айналды.

Сонымен, көру теңеулері жалпы теңеулер жүйесіндегі ең ауқымды, әр өз ішінен бірнеше мағыналық бөлшекке жіктелетін семантикалық топ болып табылады.

Теңеулердің әрбір функционалдық топтарының өзіндік ерекшеліктері, қолдану аясы болады. Ең алдымен көру теңеулеріне тоқталсақ. Бұл атап кеткендей бір затты немесе нәрсені көре білу арқылы жасалатын теңеу. Бұған дәлел жоғарыда көрсетілген мысалдарда «*жұлдыздай, күмістей, асау тайдай, шамдай т.б.*» мұның барлығы көру арқылы жасалған теңеулер. Айта кететін жайт, Мағжан шығармаларын талдай отыра көру теңеулерінің жиі қолданылатынын байқадық. Сондықтан бұл негізгі теңеулердің бірі деп есептейміз.

Есту теңеулерінің семантикалық топқа жататын саны едәуір. Бұл топтағы теңеулер адамның есту қабілетінің негізінде жасалған. Рас, құлақ атты сезім мүшесінің көзге қарағанда мүмкіндігі төмен. Сол себепті көру теңеулерімен салыстырғанда, есту теңеулерінің саны да әлденеше есе аз.

Есту теңеулері адамдар мен жан-жануарлардың, табиғат құбылыстары мен басқа заттардың шығаратын дыбыстарын негізге ала отырып жасалған. Бірақ есту теңеулері дүниедегі толып жатқан дыбыстардың көшірмесі емес. Бұл теңеулер суреттелміш заттың қандай дыбысқа ұқсайтынын бейнелеп көрсетеді де, сол арқылы, көбінесе, дыбыс шығарушы объектінің (предметтің) ішкі мәніне үңіледі. Басқаша айтқанда, есту теңеулерінде предмет пен образдың «ішкі ұқсастығына» көбірек көңіл аударылады. Демек, есту теңеулері предметтің «мінез-құлқын», «рухани» құнын, қоғамдық маңызын бейнелеп, көркемдеп суреттеп көрсетеді екен. Бұған көз жеткізу үшін Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы теңеулерге көз жүгіртейік:

Шөлдер бар, жел де жүрмес, сап-сары құм,
Моладай ешбір үн жоқ тып-тыныш.
Болмақ па жан-жануар шексіз шөлде,
Сар құмда салар ойнақ пері мен жын («Түркістан», 38-б.).
Бңырағандай әлдекім,
Жылай ма екен әлде жын («Жазғы жолда», 84-б.).
Сыбдыр-сыбдыр жүргендей,
Сылқ-сылқ қана күлгендей («Жазғы жолда», 85-б.).
Ақ қанатты періште,
Былдырлаған бұлақтай,
Көрінген жанды күлдірген («Мені де өлім әлдиле», 93-б.).
Тау суындай гүрілдер,
Айбынды Алаш елім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін! («Мен жастарға сенемін!», 27-б.)
Құйылып тұрды көктен жұмақ нұры,
Құбылып хор даусындай құстар жыры,
Таласып аспан көкке алтын тауы,
Арқаның суы – күміс, жібек – қыры («Есімде ... тек таң атсын!»).

Қыстаудың желкесіндегі қалың қайыңның жапырақтары сыбдырлағандай («Ақан сері», 154-б.). Сол уақытта үш әйел күбір-күбір сөйлескендей болып, судырлап үйден шыға жөнелді («Ақан Сері», 155-б.). Асқа жиналған құмырсқадай қалың ел шуласып, гулесіп, бәйгесін алып, ойын ойнап жатқанда, Ақан мидай далада жолдасы Құлагердің басында кәдімгідей мөлдіретіп көзінің жасын төгіп отыр («Ақан Сері», 151-б.).

Дүниеде не көп, дыбыс көп. Сол дыбыстардың көпшілігі дерлік қазақ теңеулеріне негіз болып қолданылған. Предметтің шығарған дыбысын тыңдаушыға естірту түрін, естіртіп қоймай, оның сезіміне әсер ету үшін белгілі бір дыбыстың иесі болып табылатын зат теңеуге образ болып қолданылады да, предметтің шығарған дыбысы осы образдың шығаруға тиісті дыбысына ұқсатылады, соның нәтижесінде суреттелміш предмет оқушыға жаңа «мінез-құлқымен» немесе

өзінің «табиғи қасиетімен» танылады[3]. Басқаша айтқанда, осы дыбыс арқылы предметтің ішкі тәні ашылады.

Есту теңеулері әртүрлі модальдық мағыналарда жұмсалады. Бұлар жазушының яки айтушының суреттелміш заттар мен құбылыстарға деген жақсы, жаман көзқарастарын, сүйініш, күйініштерін білдіреді.

Сонымен, есту теңеулері жалпы қазақ теңеулер жүйесіндегі қомақты семантикалық топтардың бірі болып табылады. Иә, аты атап тұрғандай бұл дыбысты есту арқылы пайда болатын теңеулер. Аталмыш мысалдардағы «сыбдырлағандай, былдырлағандай» т. б. осы секілді теңеулер дәлел. Бұл теңеулердің басты құралы – дыбыс. Әншейіндегі жай дыбыс теңеулік конструкцияның бір мүшесіне айналып, сол арқылы предметті суреттеп, сипаттауда пәрменді бейнелеу тәсілі ретінде жұмсалады. Теңеулердің эмоционалды-экспрессивті сапасы осы дыбыстарға тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рубайло А.Т. Художественные средства языка. – М.,1971. – 376 с.
2. Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. – М., 1981. – 225 с.
3. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы, 2007. – 477 б.

Шәрібжанова Галия Ғабдоллақызы, филология ғылымдарының кандидаты, АЭЖБУ доценті

g.sharibzhanova@aes.kz

Молдабаева Қарлығаш, аға оқытушы

k.moldabaeva@aes.kz

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті

ПРАГМАТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ, ЭКСТРАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР. ДИСКУРС

Біз жалпы алғанда, прагматика, экстралингвистикалық факторлар, олардың зерттеу нысандарын тілдік тұрғыдан қарастыруды жөн көрдік.

Прагматика (грек, pragma, pragmatosis, әрекет) — семантика мен тіл біліміндегі тілдік таңбалардың қызметін зерттейтін саласы. «Прагматика» терминін ХХ ғасырдың 30 жылдарында семиотиканың бір бөлімі түрінде Ч. У. Моррис енгізген. Ол семиотиканы таңбалардың объектіге қатынасын зерттейтін семантика, таңбалардың өзара қарым-қатынасын зерттейтін синтактика және сөйлеушілердің таңбаларға қатынасын зерттейтін прагматика деп бөлген. Прагматиканың лингвистикалық зерттеу саласына айналуы Ч. С. Пирстің идеясымен байланысты сөйлеу актілері жайындағы логика-филологиялық (Дж. Р. Сёрл, З. Вендлер т. б.) және прагматикалық теориялардың (П. Грайс, Л. Линский, Сёрл, П. Ф. Стросон т. б.) ықпалымен 60-70 жылдардан басталады. Лингвистикалық прагматиканың қызметі нақты емес, оған сөйлеуші субъект пен адресаттың (тындаушының) өзара қарым-қатынасынан туатын мәселелердің бәрі кіреді. Сөйлесушілердің қарым-қатынасы үстінде тілдің қолданылуы мен прагматикалық қызметін біріктіре отырып, прагматика риторика, стилистика, сөйлеу теориясы мен типологиясы, стильдердің қарым-қатынастық және функционалдық теориялары, социолингвистика, психолингвистика т. б. көптеген салаларға қатысты проблемаларды қамтиды [1].

Егер прагматиканың аталған салаларға қатысты десек, төмендегідей мәселелерді таратып айтуға болады.

Прагматика және риторика, стилистиканың зерттеу мәселелеріне келсек, риторика - шешендік өнер туралы ғылым.

Прагматика риторикамен байланыстылықта әртүрлі жағдаятта шешендікпен сөйлеу мәселелерінің қыр-сырын негізге алады. Оған сөйлеу актілері құрылымындағы келесі компоненттер кіреді:

- айтушы;
- адресат;